ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# QAZAQ ÝNIVERSITETI

№30 (1700)
16 қазан
2018 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz




# Аккредиттеу кеңесі өтті

**ҚазҰУ-да Қазақстан инженерлік білім беру қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен аккредиттеу кеңесінің кезекті отырысы өтті. Бұл шара Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауымен тұспа-тұс келді.**



Қазақстан инженерлік білім беру қауымдастығы әртүрлі салада мамандарды дайындауда білім беру бағдарламаларын жетілдіру және стандарттау бойынша жобаларды көптеген жылдар ішінде тек Қазақстанда ғана емес Орталық Азия аймақтарында мемлекеттік және қоғамдық кәсіби ұйымдар арасында өзара байланыс орнату арқылы іске асырып келеді. KazSEE әзірлеген стандарттар Еуропалық Одақта енгізілген сапаны қамтамасыз ету жүйесінің негізін құрайды.

Сөз алған ҚазҰУ ректоры академик Ғ. Мұтанов «Бұл қадам қазақстандық инжинирингтік білім беруді әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялауда елеулі серпіліс болып табылады. Өз кезегінде бұл Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттерді толық орындауға және инженерлік білім беру жүйесін дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді ректор.

KAZSEE аккредиттеу кеңесінің мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты Барлық Шайкенов «Жетекші елдердің аккредиттеу агенттіктерінің стандарттары білім беру бағдарламаларының жоғары сапасына кепілдік бере отырып, жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдары мен ЖОО-ларды тануға мүмкіндік береді. «KAZSEE Қазақстанға Еуропалық Одаққа біріктірілген сапа кепілдігі жүйесіне ие болуға мүмкіндік беретін ENAEE және FEANI мүшесі. Бұл арқылы отандық жоғары оқу орындарының түлектері халықаралық деңгейге ие диплом алып, Еуро Одақ елдерінде еркін жұмыс істей алады. KAZSEE институционалды аккредиттеу және білім беру бағдарламаларын аккредиттеу стандарттарын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге әрқашан дайын», – деді Б. Шайкенов.

Жиын барысында қатысушылар техника ғылымдарының докторы, академик, сейсмология институтының директоры Досым Сүлеевті бірауыздан KazSEE аккредиттеу кеңесінің төрағасы етіп сайлады.

**KazSEE аккредиттеу кеңесі**

# «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!»




**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Жандану әлемі» қорының қолдауымен, «Жас Отан» жастар қанаты, ҚР Жазушылар Одағы және Алматы қаласы әкімдігі Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Мен жастарға сенемін!» атты студент жастардың алтыншы патриоттық форумын өткізеді. Ақпараттық серіктесі – «Қазақ радиосы», «Нұрмедиа» холдингі.**

Форумды өткізу мақсаты – студент жастардың Қазақстан болашағына деген азаматтық жауапкершілігін көтеру және патриоттық сезімін арттыру.

Форумға төмендегі іс-шаралар кіреді:

- «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік әлеуметтік маңызы бар инновациялық жобалар байқауы;
- «Мен мемлекетімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе байқауы;
- «Мен жастарға сенемін!» тақырыбында студенттік поэзиялық азаматтық-патриоттық шығармалар байқауы;
- «Мәңгілік ел мұратым!» патриоттық ән байқауы.

*Жалғасы 8-бетте*


ЗАМАНҒА САЙ ЖАҢАРУ КЕРЕК
2-бет



ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР
3-бет



МЕМЛЕКЕТКЕ МЫҚТЫ МАМАНДАР ҚАЖЕТ
7-бет



РЕКТОРАТ

# Заманға сай жаңару керек

**Бүгінгі білім мен ғылым саласындағы елеулі өзгерістер жиырма бірінші ғасырда әрбір азамат табысқа жету үшін қажетті білім мен дағдылардың жаңаша жолдарын меңгеруді талап етеді. Білім беру жүйесін жаңа заман талабына сай дамыту мақсатына арналған кезекті ректорат мәжілісі білім беру бағдарламаларын модернизациялау тақырыбын талқылаудан басталды.**



Бірінші болып мінбеге шыққан теориялық және ядролық физика кафедрасының меңгерушісі Медеу Әбішев «Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды қажет етеді. Осы ретте кафедра АҚШ, Жапония, Италия, Ресей сынды мемлекеттердің жетекші университеттерімен әріптестік орнатып, профессорларымен бірлесе жұмыс жасайды. Алдағы уақытта кафедра серіктестік орнатқан университеттермен ядролық физика, ядролық медицина саласына қажетті құрал-жабдықтарды алдыртып, сол жаңа технологияларды қолдана білудің әдіс-тәсілдерін үйретуді қолға алмақшы», – деді меңгеруші.

Кезекте кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі Айжан Жатқанбаева «ҚазҰУ Орталық Азия елдерінде «Кеден ісі» бойынша білім беру бағдарламасының үйлестірушісі ретінде танылған. Университетіміздің негізгі миссиясы отандық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандардың кадрлық әлеуетін қалыптастыру болып табылады. Осы орайда біздің кафедра дүниежүзілік кеден ұйымының кеденшілерді оқытудың кәсіби стандарттары негізінде білім береді. 132 мемлекет мүшелік ететін Дүниежүзілік кеден ұйымымен ҚазҰУ бірлесе, болашақта білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс жасап, кеденшілерді дайындауда үкіметаралық ұйымдар және серіктес университеттермен қарым-қатынасты одан әрі дамытпақшы», – деді Айжан Жатқанбаева.

Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің директоры Айнаш Ошибаева білім беру бағдарламалары бойынша жоспарланған тапсырмалардың орындалу барысына тоқталып, барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспардағы оқу-әдістемелік жұмыс, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және жаңартылған бағдарламалар бағыттарындағы негізгі мәселелерге баса назар салды.

Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру бүгінгі күннің талабы дейді мәжіліске қатысушылар. Білім берудің халықаралық стандарттары, оқытудың заманауи методикасы, кәсіби ағылшын тілі, тәжірибе алмасу және тағылымдамадан өтуде жаңартылған бағдарламалар туралы баяндама жасаған басқа да кафедра меңгерушілері болашақта кафедралардың белсенділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын ұсынып, жиын соңында өзге де өзекті мәселелер кеңінен талқыға түсті.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# Қазақстан-Еуразияның көші-қон хабы

**ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультеті Ресей Ғылым академиясының әлеуметтік-саяси зерттеулер институты, Халықаралық көші-қон ұйымы, Ресейдің Сыртқы істер министрлігі, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты (ММХҚИ) және БҰҰ-ның қоғамдық ақпарат департаментімен бірлесе отырып «Еуразиядағы көші-қон көпірлері» жобасы аясында «Қазақстан – Еуразияның көші-қон хабы ретінде: көші-қонның тұрақты дамуға қосатын үлесі» атты ғылыми-практикалық конференция өтті.**




Шараның негізгі мақсаты – Еуразиялық кеңістіктегі көші-қон және ынтымақтастық туралы көпжақты диалогты нығайту мен тұрақты даму тұрғысында миграциялық үдерістерді реттеудің тұрақты жүйесін қалыптастырудағы Қазақстан мен оның серіктестерінің рөлін бағалау болып табылады.

Конференцияға Қазақстан Республикасында аккредиттелген қоғамдық және халықаралық ұйымдар мен кәсіпкерлік қауымдастықтардың өкілдері қатысты.

ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев «ҚазҰУ еліміздің алдыңғы қатарлы университеті ретінде әлемдік білім беру кеңістігінде интеграциялануды және Болон процесіне қосылғаннан кейінгі жоғары білім мен сапаның үздік әлемдік тәжірибесіне бейімделу бағытында белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Бүгінде университет 2030 жылға дейін БҰҰ-ның тұрақты даму аясындағы әлемдік күн тәртібінде бекітілген білім беру саласындағы басты міндеттерді жүзеге асыруды алдына мақсат етіп қойған. 2018 жылы ҚазҰУ әлемдегі 800 ең үздік университеттер арасында 220 орынға ие болып, беделді «QS WUR» халықаралық рейтингісінде 16 орынға алға шықты. Осылайша соңғы жылдары университетіміз Орталық Азия және Еуразия кеңістігіндегі білім беру орталығы ретінде танымалдылыққа ие болды», – деді бірінші проректор. Сондай-ақ ол Қазақстан – Еуразияның көші-қон хабы ретінде көші-қон процестері жаһанданудың және тұрақты дамудың ажырамас бөлігі деп ерекше атап өтті.

Жиынға қатысушылар ЕАЭО мүше елдердің еңбек нарығын реттеу ерекшеліктері және мигранттардың ақша аударымдары, Еуразиялық кеңістіктегі білім беру көші-қоны, ондағы Қазақстанның рөлі және жаһандану жағдайындағы адам капиталының даму мәселелері, Еуразиядағы заңсыз миграциямен күрес бойынша үрдістер және Қазақстанның Ресей, Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен көші-қон саласындағы өзара байланыстың келешегін кеңінен талқыға салды.

**Лейла ДЕЛОВАРОВА,**
*Халықаралық қатынастар факультетінің доценті*

QYSQA-NUSQA

**Shyǵystaný fakýltetinde «Shetelderdegi koreıtaný ǵylymyn zertteýdiń kókjıekterin keńeıtý jáne nyǵaıtý» taqyrybynda sheteldik koreıtaný ǵylymy boıynsha halyqaralyq semınar ótti.**

Halyqaralyq semınarǵa álemniń 15 elinen 18 ǵylymı zertteý toby qatysty.

Koreıtaný boıynsha zertteýler koreı tili salasynda ǵana emes, sonymen qatar tarıh, ádebıet, mádenıet syndy salalarda da júrgiziledi. Koreıa úkimeti Koreıadan tys jerlerde de koreıtaný ǵylymynyń negizderin damytý men nyǵaıtý maqsatynda ártúrli elderdegi koreıtaný salasynda jumys jasap júrgen zertteý toptarynyń ǵylymı jobalaryna árdaıym qoldaý kórsetedi.

Almaty qalasyndaǵy Koreıa Respýblıkasynyń Bas konsýly Djon Syn Mın myrza óz sózinde: «Koreıamen tyǵyz dostyq qarym-qatynastaǵy Qazaqstan jerinde osy halyqaralyq semınardyń ótkizilýi óte mańyzdy bolyp tabylady. Atalǵan is-sharanyń Qazaqstandaǵy koreıtanýdyń damýyna qosatyn úlesi zor. Qazirgi tańda Qazaqstandaǵy koreıtaný kafedralarynda 700-deı bilim alýshy koreı tilin úırenýde. Almaty qalasyndaǵy Elshilik janyndaǵy koreı bilim berý ortalyǵynda jyl saıyn 2600-ge jýyq adam koreı tilin oqý úshin tirkeýden ótse, Koreıanyń ártúrli ýnıversıtetterinde 1000-ǵa jýyq qazaqstandyqtar bilim alýda», - dep óz oıymen bólisti.

**Qıyr Shyǵys kafedrasy**

***

**QazUÝ-da Qazaqstan Respýblıkasynyń Memlekettik qyzmet isteri jáne sybaılas jemqorlyqqa qarsy is-qımyl Agenttiginiń áleýmettik tapsyrysy boıynsha «Azamattyq baqylaý» qoǵamdyq qabyldaý jobasy aıasynda «Agroónerkásip keshenindegi sybaılas jemqorlyqqa qarsy zamanaýı mehanızmder» taqyrybyna arnalǵan ǵylymı-tájirıbelik konferensıa ótti.**

Konferensıada 2015-2020 jyldarǵa arnalǵan jemqorlyqqa qarsy strategıanyń negizgi mindeti retinde qoǵamda jemqorlyqqa qarsy mádenıetti qalyptastyrý, jemqorlyqtyń aldyn alý jáne ony boldyrmaý, aýyl sharýashylyǵy salasynda jemqorlyq táýekelderin boldyrmaý boıynsha usynystarǵa monıtorıng jasaý nátıjesin talqyǵa salyndy.

Sharaǵa qatysýshylar qazaqstandyq qoǵamnyń jemqorlyqqa qarsy sanasynyń qalyptasý erekshelikterin aıtyp, agroónerkásip kesheninde sybaılas jemqorlyqqa áser etetin sebepter men jaǵdaılardy anyqtap, olardyń joıý joldaryn atap aıtty.

Konferensıaǵa Qazaqstan Respýblıkasynyń Memlekettik qyzmet isteri jáne sybaılas jemqorlyqqa qarsy is-qımyl Agenttiginiń Almaty qalasy boıynsha departamentiniń arnaıy ókilderi, agroónerkásip kesheni salasynyń sýbъektileri, aýyl sharýashylyǵy salasynda memlekettik organdar, sybaılas jemqorlyqqa qarsy is qımyl jóninde Ulttyq Bıýro Departamenti, kásipkerlerdiń aımaqtyq palatasy, «Damý» kásipkerliktiń damytý qorynyń ókilderi jáne Qazaqstannyń jetekshi ǵalym-zańgerleri qatysty.

Jıyn sońynda sybaılas jemqorlyqqa qarsy is qımyl onyń ishinde agroónerkásip kesheninde jemqorlyqqa qarsy mádenıetti qalyptastyrý boıynsha sharalardy jetildirýde arnaıy usynystar ázirlendi.

**Baspasóz qyzmeti**

***

**Ál-Farabı kitaphanasynda fılologıa jáne álem tilderi fakýltetiniń «Kókjıek» klýby men kitaphana qyzmetkeleriniń uıymdastyrýymen «Polıglot bolý – zaman talaby» taqyrybynda dóńgelek ústel ótti.**

Osy sharanyń barysynda «Kókjıek» klýbynyń jetekshisi fılologıa ǵylymdarynyń doktory Láılá Musaly, aqparattyq tehnologıalar fakýltetiniń aǵa oqytýshysy Bolat Ábenov, «Zerde» baspasynyń dırektory Shermat Ashırbaev, gýmanıtarlyq ǵylymdarynyń PhD doktory Erkin Tastanqulov sekildi azamattar ult tiliniń kórkeıýi ult sanyna da, sapasyna da qatysty ekenin aıtyp, úshtildiliktiń qajettiligi jaıynda sóz qozǵady.

Halyqtyń rýhanı, mádenı qundylyǵymen sýsyndaý úshin ana tilin bilý kerek. Árbir adamnyń óz tilinde sóılep, bilim alyp, azamat bolyp qalyptasýy mańyzǵa ıe. Búginde til bilgenniń tirshiligi túzý. Jastardyń ultty bekitý, úsh tildi tereń bilý jónindegi pikirlerine fılologıa jáne álem tilderi fakýltetiniń 2-kýrs stýdentteri Nurasyl Tursynǵalıev, Jumabıke Kóshekbaeva ún qosyp, mándi de ushqyr oılarymen qanaǵattandyrdy. Jýrnalıstıka fakýltetiniń talaby zor 1-kýrs stýdentteri Bekzat Aıtbaıuly, Dýman Toqtar, Nurtileý Malıkuly bolsa qazirgi zaman talabyna saı aǵylshyn tiliniń qajettigi óte joǵary bolǵanymen, eń birinshi ózimizdiń ana tilimizdi joǵary qoıýýymyz kerektigi, keleshek jastarymyzdyń basqa tilderdi úırenýdiń artynan ketip, ana tilimiz ben salt-dástúrlerimizdiń umytylyp qalmaýy jóninde tolǵamdaryn jetkizdi. Shara sońynda jýrnalıstıka fakýltetiniń 1-kýrs stýdenti Nurjan Keńesbaı dombyrada Qurmanǵazynyń «Adaı» kúiin oryndasa, aǵa oqytýshy Bolat Ábenov jan tebirenterlik án oryndap berdi. Osy sharaǵa belsene qatysqan fakýltetterge óz alǵysymyzdy qýana jetkizemiz.

**Juldyz MANAPBAEVA,**
*kitaphana qyzmetkeri*

**19 қазанда ҚазҰУ-ға арнайы сапармен ҚР Қоғамдық даму вице-министрі Сергей Коновалов келеді**

# КазНУ принял участие в «Islamic Finance Week 2018»

**КазНУ принял участие в «Islamic Finance Week» в качестве передового университета по внедрению и развитию модели Исламских финансов в сфере образования. Декан Высшей школы экономики и бизнеса, доктор Римма Сагиева выступила на панельной сессии Professionsl Development (Профессионального развития в сфере Исламского финансирования), где отметила об инициативе открытия Центра Исламского финансирования на базе КазНУ, в сотрудничестве с МФЦА и Hamad Bin Khalifa University, Катар.**

UK ISLAMIC FINANCE

Основным направлением деятельности международного Центра является подготовка высококвалифицированных специалистов, отвечающих требованиям финансового рынка в соответствии с международными стандартами. Также было объявлено о выделении дополнительных образовательных магистерских грантов университету на обучение по траектории Исламского финансирования Министерством образования и науки РК. В данной панельной сессии приняли участие Dr. Ziyaad Mohamed, представитель The Global University of Islamic finance INCEIF, Малайзия, и Farhan Noor, директор профессионального развития AAOIFI, Бахрейн.



«Islamic Finance Week 2018» – это ежегодная площадка для обмена международным опытом и выстраивания конструктивного диалога с участниками рынка и международными партнерами по вопросам развития и повышения финансовой осведомленности об исламских финансах в Казахстане и регионе. «Islamic Finance Week 2018» нацелена на объединение профессионалов в индустрии Исламских финансов, предоставляя им поддержку и возможности в области профессионального развития.

Необходимо отметить, что КазНУ им. аль-Фараби является лидером в стране и занимает 220 место в международном рейтинге «QS World University Ranking». Также входит в топ-50 самых технологически развитых университетов мира по версии международной организации «Great Value Colleges» и в топ-200 «зеленых» университетов мира в рейтинге «UI Green Metric Ranking of World Universities. Университет первым и единственным среди университетов Центральной Азии вошел в группу 1000 лучших вузов мира «THE World University Rankings-2019».

**Соб. корр.**

# Қарты бар үйдің ҚАЗЫНАСЫ БАР

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қарттар күні мерекесіне орай еңбегі ерен, өмірі үлгі, алдыңғы аға буын ардақты қарттар қауымы мен жастардың кездесуі өтті.**



Аталмыш салтанатты шара Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында өтті. Кездесудің қадірменді қонақтары ретінде қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еренғайып Шайхутдинов, Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Хамит Биржанов, қалалық ардагерлер кеңесінің орынбасары Алла Моисеева, Қалалық жастар арасында рухани даму мен тәрбие беру ұйымының төрайымы Вера Айғараева, Қалалық жастар арасында рухани даму мен тәрбие беру ұйымының төрайымының орынбасары Нургазима Муканова, Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің жастар арасында рухани даму мен тәрбие беру ұйымының төрағасы Марат Рахимов, Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің «Нұр Отан» партиясы басшылығының орынбасары Қайрат Кенжебулатов пен профессор, еңбек фронтының ардагері Пернебек Момынұлы қатысты. Сонымен қатар кездесуде оқытушылар, факультет декандары және де студенттер болды.

Қазақ халқы «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп қарияларымызды ерекше құрметтеген. Олардың өнегелі өмірі, тағылымды, мәні терең әрбір сөздері ұрпаққа әрқашан да аманат болып қалатыны ақиқат. Осы орайда талай жасты тәрбиелеп, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге бола білген қазыналарымызды аталмыш мерекесімен құттықтап, өнеге қылып жинаған ақыл-кеңестерін, жастарға айтып бағыт-бағдар беру мақсатында өткен кездесу өте әсерлі өтті.

Бұл кездесу бұрынғыдан өзгерек болып, жастар мен аға буынның арасында диалог ретінде өрбіді. Бір-бірлерімен пікір алмаса отырып, өздерін ойландырған көптеген сұрақтарына жауап та алды. Сонымен қатар студенттер қауымы қазыналы қарттарымызға күмбірлете күй төгіп, арнауларын арнады. Өз кезегінде абыз ақсақалдарымыз да жастармен ескірмеген есті әндерді қосыла шырқап, көтеріңкі көңіл-күйде жиналған көпшілік қауымға ақ баталарын берді.

**Баспасөз қызметі**

# Модернизация медицинского ОБРАЗОВАНИЯ

**КазНУ им. аль-Фараби совместно с Western Consulting и WOLFPACC (Florida, US) провел обучающий семинар по подготовке к IFOM (International Foundation of Medicine) и к USMLE (United State Medical Licensing Exam) для преподавателей медицинских школ, студентов, интернов, резидентов и выпускников медицинских вузов.**

Семинар с участием приглашенных из США преподавателей медицинских вузов проводился в рамках создания Международного центра подготовки к лицензионным медицинским экзаменам (IFOM и USMLE) в КазНУ им. аль-Фараби. Следует отметить, что методики подготовки тестов USMLE позволяют в короткое время сформировать необходимую базу знаний даже для студентов со средним уровнем английского.

Так, USMLE состоит из 3 этапов. Первый step – по базовым биомедицинским дисциплинам, является обязательным для продолжения обучения по профилирующим, клиническим дисциплинам. Большинство медицинских школ (например, Школа медицины Университета Duke, 26 место по QS) требуют его сдачи после завершения курса обучения по базовым дисциплинам. Второй step является залогом продолжения обучения по программам интернатуры и клиническим стажировкам. Третий step требуется для продолжения обучения в резидентуре, поскольку только сдача 3 stepа дает право работать с пациентами.

По мнению автора уникального метода – WOLFPACC, ведущего лектора доктора Ханса Петера Вольфа, успешная сдача USMLE необходима для обеспечения академической мобильности студентов, интернов, резидентов, магистрантов, докторантов. Для иностранных граждан успешная подготовка и сдача экзаменов в формате USMLE является залогом успешной сдачи национальных экзаменов для подтверждения дипломов.

Исследования, проведенные в различных странах мира, а в частности в США, Великобритании и Канаде, указывают на то, что хорошо сформированные структуры и процедуры лицензирования и сертификации ведут к устойчивому длительному воздействию на качество медицинских услуг



Создание Центра подготовки к лицензионным экзаменам в КазНУ в системе медицинской экзаменации позволит студентам профильных университетов Казахстана познакомиться с международными стандартизированными требованиями прохождения экзаменов высокого уровня, провести сравнение формата и контента тестовых вопросов. Это даст возможность в стенах КазНУ подготовить студентов-медиков к сдаче USMLE, IFOM.

Проведение подобного экзамена – это первый шаг к переходу на лицензирование специалистов-медиков в Казахстане.

Как отметили участники, семинар стал площадкой обмена опытом и профессиональных открытий. Они получили новые знания и практические навыки, которые пригодятся им в профессиональном и в карьерном росте. Специалисты, успешно прошедшие обучающий семинар, получили сертификаты.

**Факультет медицины и здравоохранения**

***19 октября в КазНУ пройдет III Международный фестиваль документальных фильмов тюркского мира***

Жалғасы. Басы 1-бетте

# БІЛІМДІ ЕЛДІҢ – БОЛАШАҒЫ БАЯНДЫ

**Қазіргі таңда еліміз дамудың жаңа өркениеттік кезеңіне аяқ басты. Ғылым мен техниканың қарыштап дамуына орай әлемнің әлеуметтік-экономикалық бет-бейнесі адам танымастай өзгеріп келеді. Жаңа технологиялар, роботтандыру мен автоматтандыру еңбек ресурстарына және адам капиталына қатысты талаптарды күрделендіріп, қоғамды басқару әдістерін түбегейлі жаңартуды талап етуде. Зымыран заман көшіне ілесу үшін етек-жеңімізді жинап, барымыз бен нарымызды безбенге тартқанымыз жөн. Елбасымыздың биылға Жолдауының тобықтай түйіні, міне, осыған саяды.**

Аталған құжаттың басты стратегиялық мақсатымыз–2050 жылға қарай әлемдегі озық дамыған 30 елдің қатарына қосылу жөніндегі міндет аясынан табылып жатуы заңды. Осы орайда бұған дейін «Нұрлы жол» кешенді бағдарламасы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары қабылданған болатын. Ал, жуырда жаһандық бәсекеге қабілеттілігімізді қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құруға бағытталған Үшінші жаңғыру жобасы қолға алынды. Әрбір қазақстандықтың жүргізіліп жатқан реформалар мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызына жете бойлауын көздейтін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді. Таразы басын тең ұстап, руханият пен экономиканы ілестіре дамытудың берері мол.

Ең алдымен «болашақ экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет. Еліміздің әлемдегі орны мен рөлі келешекте нақ осыларға байланысты болады. Жолдауда Назарбаев Университетімен бірлесіп, Үкіметтің нақты жобаларды анықтап отырып, әрбір бағыт бойынша арнайы бағдарламалар әзірлеуіне баса көңіл бөлінген. Университет базасында жасанды интеллект технологиясын әзірлеумен айналысатын ғылыми-зерттеу институтын құру сондай жобалардың бірі бола алады. Білім берудің, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі, жайлы және қауіпсіз жағдайда өмір сүру мәселелерінің әрбір қазақстандық отбасына қатыстылығы, осыған орай, Үкіметтің әлеуметтік секторға, қауіпсіздік пен инфрақұрылымға мән беруге тиістілігі атап көрсетілді.

Бұл орайда алдағы 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет. Қаржыландыруды халыққа қызмет көрсету сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ететін тиісті реформаларды жүзеге асыруға бағыттау керек. Сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсартқан абзал. Өйткені, ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылғаны жөн. Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісін, тәрбиешілердің және балабақшадағы басқа да қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін қайта қарау – уақыт талабы. Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады. Білім сапасын бағалау жүйесі халықаралық стандарттарға негізделуге тиіс. Орта мектептердің өзінде балаларды мейлінше сұранысқа ие мамандықтарға бейімдеп, кәсіби болжалдау жүргізу маңызды. Бұл оқытудың жеке бағдарын жасауға және оқушы мен мұғалімнің оқу жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді. Балалар қауіпсіздігінің маңыздылығын ескеріп, бүкіл мектептер мен балабақшаларды бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз еткен, мектеп психологтарының жұмысын күшейтуді және басқа дәйекті шараларды жүзеге асырған жөн. Білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатымен оқушыларға орын жетіспейтіні, мектептердің үш ауысымда оқыту және апат жағдайында болу проблемалары мейлінше сезіліп отырған өңірлер үшін Үкімет 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттен қосымша 50 миллиард теңге қарастыратын болады.

Ұстаз – қоғам тәрбиешісі. Жолдауда алдымыздағы жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау жөнінде міндет қойылды. Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс жұмыстардан арашалауға тиіс. Ал, жоғары білім



беру ісінде оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі. Биыл гранттар саны көбейтілді. Бұрыннан айтылып жүргеніндей, жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты өлшемі оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы болуға тиіс. Бұл орайда еліміздің болашағы – жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды жобасын қолға алған маңызды. Алдағы жылды Жастар жылы деп жариялау, міне нақ осы мерейлі міндетті жүзеге асыруға бағытталып отыр.

**Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,**
*журналистика факультетінің профессоры*

# В НОГУ СО ВРЕМЕНЕМ



**5 октября 2018 года в резиденции Акорда Глава государства выступил с Посланием народу Казахстана. В своем обращении Нурсултан Абишевич Назарбаев затронул ключевые проблемы социально-экономического развития страны. Главой государства были указаны конкретные пути повышения благосостояния жизни народа.**

Н.А. Назарбаев поднял вопросы, касающиеся образования, науки, медико-социальной помощи. Большое внимание Глава государства уделил жилищным проблемам казахстанцев, деятельности МВД, судов.

В Послании подчеркивается, что «благополучие казахстанцев зависит в первую очередь от стабильного роста доходов и качества жизни». Главой государства выстраивается четкая модель Общества Всеобщего Труда, призванного обеспечить эффективное развитие страны.

В Послании отмечается необходимость повышения требований к качеству образовательных услуг. Ответственность за подготовку специалистов в учебных заведениях и безопасность жизни людей становятся основополагающим принципом стратегии дальнейшего социально-экономического развития страны.

Особое внимание уделяется системе высшего образования. Главой подчеркивается важность развития партнерства с ведущими университетами мира, привлечения к работе лучших зарубежных топ-менеджеров. В этом плане Казахский национальный университет имени аль-Фараби является ярким примером реализации столь значимой для страны стратегической задачи.

Начиная с 2011 года, ведется активная работа по привлечению ведущих зарубежных ученых для руководства PhD докторантами, обмена опытом в рамках семинаров, конференций, подготовки магистерских диссертаций, совместных научных проектов, статей. Ежегодно организовываются лидерские лекции Нобелевских лауреатов.

Значительно расширились международные связи университета. Были заключены договора с крупнейшими университетами Европы, Америки и Азии.

Ведется сотрудничество в рамках разработки совместных образовательных программ, позволяющих студентам получать образование сразу в двух учебных заведениях, что существенно повышает качество обучения, конкурентноспособность выпускников на рынке труда.

С учетом тенденций времени изменены требования к отбору профессорско-преподавательского состава. Главными критериями стали высокий профессионализм, публикационная активность, креативность подхода к учебному процессу, мобильность и стремление к постоянному самообразованию. Такой подход позволяет обеспечивать качество преподавания.

Проведены реформы в системе обучения в КазНУ имени аль-Фараби. Главный акцент делается на внедрение инновационных технологий, цифровизацию, обеспечение непрерывного образования. Широко перенимается опыт ведущих зарубежных вузов, таких как Кембриджский, Оксфордский, Токийский университет, Университет Сорбонны и другие.

Комплексный подход к построению эффективной системы обучения позволяет выпускникам КазНУ получать престижную и высокооплачиваемую работу. На сегодняшний момент они успешно трудятся во всех сферах деятельности Казахстана.

В качестве главного приоритета государства выдвигается здоровье нации. В Послании подчеркивается значимость создания условий для массового спорта, занятий физкультурой. В КазНУ имени аль-Фараби на сегодняшний момент активно реализуется программа «Культ здорового тела». Ее цель – привлечение преподавателей и студентов к занятиям спортом. В университете проводятся мероприятия, направленные на пропаганду здорового образа жизни. В Спорткомплексе успешно функционируют различные секции и кружки, в которых бесплатно занимаются преподаватели, студенты и сотрудники университета. Регулярно организовываются встречи с врачами, спортсменами, объясняющими значимость здорового образа жизни.

В КазНУ функционирует Медицинский диагностический центр, предоставляющий возможность не только преподавателям, студентам университета, но и жителям Бостандыкского района г. Алматы получать консультацию и квалифицированную помощь ведущих отечественных специалистов и ученых-врачей из Южной Кореи, с которыми заключен договор о долгосрочном сотрудничестве. Центр оснащен современным оборудованием, позволяющим обеспечивать точность диагноза, эффективность лечения. Руководство Медицинского диагностического центра регулярно проводит социальные опросы с целью улучшения его деятельности, планирования дальнейших направлений его развития.

Таким образом, Казахский национальный университет имени аль-Фараби успешно претворяет в жизнь приоритетные задачи, указанные Главой государства в Послании народу Казахстана. Он не просто является флагманом высшего образования, но и движется в ногу со временем.

**А. ТЕМИРБОЛАТ,**
*заведующая кафедрой казахской литературы и теории литературы, доктор филологических наук, профессор*



**«Туран-Иран» ғылыми зерттеу орталығында**
**«Тіл, тарих, мәдениет: Түркілердің ортақ құндылықтары» тақырыбына арналған шара өтті**

# МЕМЛЕКЕТКЕ мықты мамандар қажет

**Елбасының биылғы Қазақстан халқына жолдауында елімізде білімді мамандар даярлаудың аса маңызды мемлекеттік шара екендігі ерекше аталып өтті. Өйткені сан ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігімізді мәңгілік етудің басты құралының бірі – өскелең ұрпаққа берілетін білім беру сапасына тікелей байланысты.**



Білім беру жүйесінің басты мақсаты – тұлғаның ұлттық және жаңа адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен даму, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, жеке тұлғаны тәрбиелеу, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт–дәстүрлерді сақтау, құрметтеу, денсаулығын нығайту сияқты басты қағидаттарды іске асыру болып табылады. Көрсетілген құндылықтарды білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту мемлекетіміздің білім беру жүйесінің басты міндеті ретінде қарастырылады. Осы көзделген міндеттерді жүзеге асыру үшін және білім сапасын көтеру үшін әлем елдерінің білім беру салаларының озық үлгілі тәжірибелерін зерттеп, терең талдап, сұраныска ыңғайлысын пайдалану, сондай-ақ елімізде білім беру жүйесін жетілдіруге кедергі келтіретін жағдайлардың орын алмауына қажетті ұсыныстарды да жан-жақты ескеруіміз қажет.

Тәуелсіздік алған 27 жылдың ішінде Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жетілдіруге бірнеше реформалар іске асырылды. Өйткені білімді адам өз бойындағы жеке қабілеттерін дамытып, өзі таңдаған мамандығының кәсіби иегері болуға, сөз жоқ өз елінің лайықты азаматы болуға ұмтылады. Білімді азамат үлкендерге құрметпен қарауға, өз ортасында қарым-қатынас кезінде әдептілік танытып, дөрекілік көрсетпейді және кемтар адамдарға жанашырлық көрсетіп, мүмкіндігінше қамқорлық жасайды. Білімділік – парасаттылықтың, мәдениет пен адамгершіліктің үлгісі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеудің негізі.

**Білімді азамат ұлттық, мемлекеттік дәстүрлерді құрметтейді, басқаның мүлкіне қол сұқпайды, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Білімді адам өз елінің патриоты, қорғаушысы болады.**

Білімді адам салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды әрекеттерден аулақ болады. Білімді азамат ұлттық, мемлекеттік дәстүрлерді құрметтейді, басқаның мүлкіне қол сұқпайды, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Білімді адам өз елінің патриоты, қорғаушысы болады. Қазіргі уақытта Қазақстандағы жоғары оқу орындарының саны – 140, оның ішінде: ұлттық – 9, мемлекеттік – 33, аралас – 13, «Назарбаев Университеті» ААҚ – 1, Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті – 1, акционерлік – 16, жеке меншік – 67. Осы оқу орындарында Қазақстанның жарты миллионнан астам жас түлектері білім алуда. Көптеген жоғары оқу орындарында заңгер мамандары дайындауда. Өйткені Конституцияға сәйкес Қазақстан демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет. Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде заң білімін білуге құштарлық күшейді, құқықтық мемлекеттің барлық қызметі заңнамалар арқылы іске асырылады. Тиісінше құқық қорғау, сот органдары қызметкерлерінің басым көпшілігі заңгер мамандарынан құралады. Бұлардан басқа мемлекеттік билік органдары мен мекемелерде, мемлекеттік емес ұйымдарда, қоғамдық бірлестіктерде де заңгер лауазымы баршылық. Ел Конституциясына сәйкес құқықтық мемлекет болып саналатындығымызға сәйкес адам, қоғам, мемлекет арасындағы әртүрлі қоғамдық қатынастардың нақты іске асырылуы заңгерлік білімі бар мамандардың атқаратын қызметіне тығыз байланысты. Осы заңгерлік қызмет атқаратын мамандардың кәсіби біліктілігі өз дәрежесіне сәйкес болса, олардың қызметіне мінсіз болары ақиқат. Әрбір азаматтың заңгер қызметіне қабілеттілігі өз мінез құлқының табиғи ерекшелігіне, жастайынан алған тәлім-тәрбиесі мен үлгі-өнегесіне, өскен ортасына, қоғамның мемлекеттің осы салаға тиісті назар аударуына байланысты бағдарламаларға байланысты болады.

Осыған орай осы мақаламда қалыптасқан тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ заңгерлерді дайындау, олардың білім деңгейін қалай арттыруға назар аударған жөн болар еді деген ой-пікірімді оқырмандарға ұсынғым келеді.

Біріншіден, қазір Қазақстанда заңгер мамандығын даярлайтын оқу орындары тым көп. Мемлекеттік, жеке меншік оқу мекемелерінде заңгер мамандығы бойынша маман даярлау жарысқа түскендей болып кетті. Мемлекеттің қай саласында заңгерлер жетіспейді деген мәселемен ешкім айналыспайды, оның үстіне заңгерлерді мемлекеттік, мемлекеттік емес оқу орындары даярлағанымен, олардың алатын дипломы – бір үлгідегі мемлекеттік болып саналады. Ал мемлекет осы заңгер мамандығын алғандардың білім дәрежесінің белгіленген талапқа сай келетінін қалай анықтайды. Әзірге бұл сауалдың жауабы жоқ. Осыған байланысты кәсіби білікті заңгер маманын даярлау үшін оқуға түсетін абитуриенттерге талап күшейтілу қажет. Ол үшін заңгер мамандығын таңдайтындардың денсаулығына, осы мамандықты шын ұнатып қалайтынына, болашақ мамандықтың адам, қоғам, мемлекет мүддесі үшін айрықша қызметтік жағдайына түсіністікпен, жауаптылықпен қарайтындығына назар аударған жөн.

Екіншіден, заңгер мамандыққа түсудің бірыңғай ұлттық тестілеуден алған бағасы кемінде 70 баллдан асқан жағдайда ғана оқуға қабылданса, білім сапасы арта түсетін еді. Заң мамандығы бойынша оқитын студенттер оқу жоспарына сәйкес, курстық, дипломдық жұмыс жазып, қорғауға міндетті. Енді осы міндет қалай жүзеге асырылуда. «Егемен Қазақстан» газетінде Парламент депутаты М. Тінікеев: «Таяқ лақтырсаң экономист және заңгерлерге тиеді», – деп тұжырымдама жасапты (Егемен Қазақстан. №255. 16.11.2013ж.). Осы мақаласында депутат М. Тінікеев студенттердің көбінің курстық, дипломдық жұмыстарды интернеттен көшіріп алатынын айтып, мұндай құбылыспен күрес жүргізу үшін жоғары оқу орындарына «Антиплагиат» бағдарламасын енгізуді ұсынады. Егер бұл бағдарламаны шындап қолға алсақ, елімізде тек білімді мамандар даярлау іске асырылады деп түйіндейді өз ойын мәжіліс депутаты.

Менің пікірімше, мәжіліс депутатының тұжырымы дұрыс сияқты. Курстық, диплом жұмыстарын қорғау жоғары оқу орындарының көбінде формальды түрде жүзеге асырылады. Бұрын жазылған жұмыстарды пайдалану сияқты жат құбылыстар көп. Сондықтан курстық, дипломдық жұмысты жазуға өте дарынды өз білімінен ғылыми-теориялық конференцияларда баяндамалар жасап көрсете білген талантты студенттерге ғана рұқсат еткен дұрыс, басқалары болса, курс, диплом жұмысын жазудың орнына арнайы пәндер бойынша дәріс тыңдап, емтихан тапсырғаны жөн болар еді. Тағы бір айта кететін мәселе – диплом жұмысына пікір жазатын рецензенттердің тізімін кафедраның ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітілді. Ал рецензенттердің диплом жұмысына берген қорытындысы дұрыс болмаса, онда олардың жауапкершілігі қалай болады, ол жағы заңды көрініс таппаған.

Мемлекеттік емтихан қабылдайтын, олардың қорғаған жұмысына баға беретін мемлекеттік аттестаттау комиссиясының Төрағасын оқу орнының ректорының ұсынуымен Министрлік бекітеді. Мемлекетте жоғары білім алатындардың білім сапасына мемлекеттік талапты күшейту үшін мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасын әрбір оқу орнына Білім және ғылым министрлігі өздері тікелей бұйрықпен бекітіп жіберуі қажет. Бұл іске жеке оқу органдарының араласпауы қажет. Мемлекеттік аттестаттау Комиссиясының құқықтары мен міндеттері заңды түрде белгіленіп, жауапкершілігі күшейтілуі қажет. Сонда ғана мемлекеттік үлгідегі диплом алатындардың білім сапасына мемлекеттік бақылау тиісінше іске асырылады.

Студенттерге сапалы білім берудің негізгі кілті – білімді ұстаздар құрамына байланысты. Білімді ұстаздарды жұмысқа тарту, олардың адал еңбегін көтермелеу, ғылым, білім саласында аянбай тер төгіп еңбек етуін қамтамасыз ету әрбір жоғары оқу орнының басты міндеті. Білімді ұстаздарды қызметтен шеттету сияқты жат құбылыстарда көрініс тауып қалады. Мұндай іс-әрекет мемлекеттік қызмет жүйесіне жат құбылыс екендігі қатаң ескерілуі қажет.

Қазіргі кезде магистрлік дипломы бар оқытушылардың саны көбейді. Олар аға оқытушы деген атақ алып дәріс оқиды, курстық, дипломдық жұмыстарға өндірістік-тәжірибелік істерге жетекшілік етеді. Бірақ олардың көбінің педагогикалық тәжірибесінің аздығынан сапалы білім беру дәрежесіне сәйкес келмейтіні көрініс табуда. Жалпы кез–келген оқытушылық қызметке қабылдау конкурстық негізде, әділеттілік қағидасын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылса, білімді ұстаздар сапасы артар еді, мұндай ретте тамыр таныстық, жерлестікпен, сыбайластықпен қызметке келетіндердің жолы да кесілер еді.

Оқу орындары кафедраларында бос оқытушылық қызметіне кейбір реттерде ғылыми атақ, дәрежесі бола тұра өз ісіне сәйкес келмейтіндер де қабылданып қызметке тұратындар да бар. Мұндай реттерде жұмысқа қабылдау үшін оларға алдымен студенттерге дәріс оқытып содан кейін тек қана конкурстық негізде жүзеге асырылса, білікті, білімді ұстаздар саны көбейер еді.

Жоғары оқу орындары оқытушыларының сапасын жақсарту үшін, қазіргі елімізде құқық қорғау органдарында жүргізіліп жатқан кезектен тыс мемлекеттік аттестаттауды үлгіге алып құқық пәндерінен дәріс беретін оқытушылардың Министрлік, ректорат құрған тәуелсіз комиссия арқылы кезексіз аттестаттаудан өткізу шаралары пайдалы болады деп ойлаймын.

Жалпы, еліміз бойынша білімді, білікті, әділеттің ақ жолын аттамайтын заңгер мамандарын даярлау өте керек. Бұл істе тиісінше мемлекеттік бағдарлама жасалып, заңгер мамандарды даярлаудың тиімді жолдары айқындалса өте дұрыс болар еді.




**Арықбай АҒЫБАЕВ,**
*Заң ғылымдарының докторы, профессор,*
*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

**В КазНУ прошла международная конференция «Казахстан как миграционный хаб Евразии: вклад миграции в устойчивое развитие»**

# Главные задачи



**Главным лейтмотивом Послания Президента РК Н.А. Назарбаева является повышение качества жизни каждого казахстанца, поскольку акцент сделан на решение социальных проблем в нашей стране. Цель социальной политики государства состоит в улучшении здоровья нации, в обеспечении достаточного дохода и социальной поддержки в определённых неблагоприятных жизненных ситуациях и в целом в создании для населения благоприятной социальной атмосферы в обществе. Как отметил Президент: «Благополучие казахстанцев зависит в первую очередь от стабильного роста доходов и качества жизни». Поэтому в Послании определены конкретные задачи и направления по социально-экономическому развитию страны и повышению благосостояния казахстанцев.**

Социальная политика является составной частью общей стратегии государства, относящейся к социальной сфере, и предназначена аккумулировать, фокусировать, отражать обстановку в стране и ситуацию в обществе, потребности и цели социального развития. В связи с этим в Послании для улучшения жизни населения предлагаются конкретные задачи, такие как повышение минимальной зарплаты в 1,5 раза с 1 января 2019 года, продолжение институциональных преобразований, реализация приоритетных проектов в сфере здравоохранения, образования, обеспечения жильем населения и развитие агропромышленного комплекса, создание благоприятного инвестиционного климата, экспортно ориентированная индустриализация, развитие въездного и внутреннего туризма, повышение защиты бизнеса от неправомерного административного давления и угроз уголовного преследования, модернизация промышленности и развитие инновационных и сервисных секторов, которые позволят обеспечить высокие и устойчивые темпы экономического роста.

Решение социальных проблем способствует повышению уровня благосостояния населения, оказывает стимулирующее влияние на стремление граждан к социальному прогрессу.

Повышение качества жизни невозможно без решения вопроса качества и доступности образования, здравоохранения, жилья, комфортного и безопасного проживания.

В Послании Президентом страны четко поставлены задачи, касающиеся образования. Намечены меры для повышения качества образования на всех уровнях обучения: от дошкольного до вузовского образования. Только качественное образование может стать двигателем поступательного развития страны, генератором роста ее человеческого капитала. Качество образования во многом зависит от стимулирования и поддержки педагога. Очень важным и своевременным является инициатива Президента о разработке и принятии в следующем году Закона «О статусе педагога».

В целом, все задачи, поставленные в Послании, направлены на дальнейшее продолжение всех тех преобразований, которые были обозначены в Стратегии-2050, программе «Рухани жаңғыру» и других государственных програмах. Мы поддерживаем эти инициативы, так как они направлены на улучшение качества жизни населения и придают мощный импульс модернизационным процессам в обществе.

**Г. АБДИГАЛИЕВА,**
*профессор кафедры политологии и политических технологий*

# Берекелі жәрмеңке







**ҚазҰУ-дың жастар алаңында биология және биотехнология факультеті мен Алматы облысы Іле ауданы Жаңаталап ауылында орналасқан оқу агробиозертханасының ұйымдастыруымен экологиялық, табиғи таза өнімдер жәрмеңкесі өтті.**

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан шара биыл да жалғасын тапты. Аталмыш жәрмеңкенің мақсаты университет қызметкерлері мен студенттерін әлеуметтік қолдау мен салауатты өмір сүруге бағыттау.

«Бүгінгі табиғи таза өнімдер жәрмеңкесі студенттер үшін өте жақсы мүмкіндік деп ойлаймын. Өйткені жемістер мен көкөністердің құны нарықтағы бағалардан әлдеқайда төмен болғандықтан, өзімізге керектілерін молынан сатып алдық. ҚазҰУ-да студенттер үшін өте көптеген мүмкіндіктер жасалған. Солардың бірі табиғи экологиялық таза өнімдерді өндіретін агробиозертхананың жұмыс жасауы университет үшін барлық жағынан тиімді. Алдағы уақытта осындай жәрмеңкелер жиі ұйымдастырылып тұрса студенттер үшін үлкен көмек болар еді»,- дейді журналистика факультетінің екінші курс студенті Құсайынова Ләззат



Жалпы оқу агробиозертханасы университетіміздің жаратылыстану факультеттерінің ғалымдары мен студенттерінің ғылыми-инновациялық, тәжірибелік, өндірістік практикасын жүзеге асыратын жеке базасы болып табылады. Магистранттар мен доктoранттар өнімдерге генетикалық талдау жасап, профессорлар құрамы да химиялық қоспасыз экологиялық өнімді өндіру жолында еңбектенеді.

«Бүгінгі экологиялық, табиғи таза өнімдер жәрмеңкесі кең ауқымда өтіп жатыр, соған орай көкөністер мен жемістерді де мол қылып алып келдік, өйткені экологилық таза өнімдерге сұраныстың көп екендігі анық, оның үстіне баға да нарықтағыдан әлдеқайда төмен. Бұл жәрмеңкенің басқа жәрмеңкеден ерекшелігі мұнда университетіміздің студенттері мен оқытушы-профессорлар құрамының өз қолдарымен өсіріп, баптаған өнімдері сатылады. агробиозертханада жыл сайын 10 мың тоннаға жуық өнім өндіріледі. Сонымен қатар 16 көкөніс пен жеміс түрлері өсірілуде. Қазіргі күні Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен бірге отырып көкөністердің басқа да түрін өндіру жолында жұмыс жасаудамыз»,¬-деді оқу Агробиозертхана меңгерушісі Құттымұрат Тағаев.

**Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**




***Журналистика факультетінде баспа мамандары мен дизайнерлердің басқосуы өтті***

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!»



Форум екі кезеңнен тұрады:

I іріктеу кезеңі, бұл кезеңде қатысушылар байқау материалдарын ұйымдастыру алқасының пошталық адресіне kaznukmo@gmail.com 2018 жылғы 10 қарашаға дейін жіберулері қажет.

II негізгі кезең, 2018 жылғы 28 қарашада GALA-форум форматында өтеді, бұл кезеңде ең үздік байқау жұмыстары ұсынылады және Форумның жүлдегерлері мен лауреаттары анықталады.

Тапсырыстар мен байқау материалдарын 2018 жылғы 10 қарашаға дейін мына адреске жіберу керек: Алматы қ-сы, әл-Фараби даңғылы 71, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Мен жастарға сенемін!» форумы белгісімен. Байланыс тел: 8 (727) 221-14-51; 87014387733, 87023472517, e-mail: kaznukmo@gmail.com

Тапсырыста келесі мәліметтер болуы тиіс: ЖОО-ның ресми атауы, студент(тердің) аты-жөні, байқау, мамандық, байқау жұмысының атауы, пошталық адрес, телефондары, электронды адресі.

Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

1. «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік инновациялық жобалар байқауына мемлекеттің, аймақтың немесе жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, экологиялық, әлеуметтік-маңызды мәселелерді шешуге бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жұмыстар қабылданады. Жоба қағазға басылған және электронды тасымалдаушыда ұсынылады (қағаз және электронды түрде).

Жоба қарастырылатын идея мәні мен басымдығын толығымен ашуы және келесі бөлімдері қамтуы тиіс: титул парағы (ЖОО, бағыты, номинация, жоба авторы), жоба атауы, жоба маңыздылығы, жобаның мақсатты бағыты, жоба міндеттері, жалпы ой, жобаны жүзеге асыру формалары мен механизмдері, қормен қамтамасыз ету, күтілетін нәтиже, жобаны жүзеге асыру мерзімі. Жобаға қосымша ретінде жобалық қызметті суреттейтін фото, бейне, аудиоматериалдар, клиппингтер, жарнамалық және басқа да қажет материалдарды қолдану қошеметтеледі.

Жоба келесі критериялар бойынша бағаланады: жобаның инновациялығы, оның шындығы, түпнұсқалығы, шешімнің ерекшелігі, жобаны жүзеге асыру механизмі мен құралдарының нақтылығы, шығын үйлесімі мен жоба тиімділігінің онтайлылығы, жоба болашағы.

2. «Мен мемлекетімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе (прозалық шығарма-пікір) келесі бөлімдерден құрылуы тиіс: титул парағы, мазмұны немесе орындалатын жұмыстың қысқаша жоспары, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Текст көлемі – 3-7 басылған парақ (Times New Roman, 14 шрифт, 1,5 интервал). Бағалаудың негізгі критерийлері: тақырыптың маңыздылығы мен толығымен ашылуы, идея түпнұсқалығы, ойдың дербестігі, оқырманға эмоционалды әсері.

3. «Мен жастарға сенемін!» тақырыбында өлеңдер байқауына әлеуметтік маңызды топ ретінде жастарға, олардың мемлекеттің дамуында орны мен рөліне, рухани-адамгершілік құндылықтарды бекітуге арналған авторлық өлеңдер қабылданады. Қорытындылау кезеңінде төмендегілер ескеріледі: стилистикалық сауаттылық, мағыналық толықтыру, байқау тақырыбына сәйкестілік, эмоционалдық әсер күші. Өлең көлемі – 8 тармақтан аса және 30 тармаққа дейін болуы тиіс.

4. «Мәңгілік ел – мұратым!» патриоттық ән байқауына бір немесе бірнеше қатысушының орындауында азаматтық-патриоттық тақырыптағы әндердің аудиобасылымдары қабылданады (мини-дискте, CD-дискте пошта немесе mp3 нұсқасындағы жазбаны электронды пошта арқылы). Бағалаудың негізгі критериилері: дауыс ырғағының тазалығы; сахна мәдениеті; шығарманың байқау мазмұнына сәйкестігі, көркемдік бейне. Ақтық мәреде гала-форумда әндерді тек «минус 1» сапалы фонограммамен орындауға болады.

Іріктеу кезеңінен өткен қатысушыларға GALA-форумға шақыру жіберіледі.

Жүлдегерлер дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Бірінші орынға ие болған байқау қатысушыларының бас жүлдесі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу гранты. Байқаудың үздік материалдары арнайы студенттік жұмыстар жинағында жарияланады.

СТУДЕНТ ДӘПТЕРІНЕН

# Адам өміріндегі ең бірінші арманы

*Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында.*

***Әбу-Насыр әл-Фараби***



Шынында да, адам үшін «бақыт» деген не?

Әрбір адамның бақытқа берер өз анықтамасы бар. Ол әркімнің қажеттілік нормаларының төңірегінде жүріп, қажеттіліктің өтелуіне байланысты пайда болатын сезім. Менің ойымша бақыт – адам өміріндегі бірінші арман. Себебі кез-келген адам көлік, үй, жұмысты емес, ең алдымен бақытты қалайды. Демек, бақытты байлықтан, мүліктен емес өзіміздің ішкі жан дүниемізден іздеген дұрыс. Бақытты болу үшін байлығы да, басқасы да үлкен рөл ойнамайды, ең маңыздысы бейбіт өмір сүру деп ойлаймын. Осы орайда Мұқағали Мақатаев бақытты «Халқым, Отаным, Тілім», – деп жырласа, Мұхтар Шаханов бақытты «Төрт анам» деп жырлайды. Шынында да отбасымыздың амандығын көру мен бейбіт елдің көк аспанының астында шалқып, шат-шадыман өмір сүруден артық бақыт жоқ болар?!

Біздің әрбір бастамамызда қолдау көрсетіп, қателескен, шалт кеткен жерімізді түзеп отыратын отбасы мүшелерінің бірлігі мен бір-біріне деген сүйіспеншілігінің өзін көру бір бақыт.

Әрбір атқан таңымыз үшін, басымыздағы баспанамыздың бары үшін, киіміміздің бүтіндігі үшін Алла тағалаға сансыз шүкіршілік етудің өзі бір бақыт.

Мемлекетіміздің бейбітшілігі, тәуелсіздігі, басқа мемлекеттермен достастығы, дамыған XXI ғасырдағы шексіз мүмкіндіктерді сезінудің өзі бір бақыт.

Тұрмысы төмен адамдардың бір күндік нан табуы, мүмкіндігі шектеулі жандардың тағы бір күнді үмітпен өткізуі – оның өзі бір бақыт.

Демек «Бақыт» ұғымының мағынасы кең, сезінуі терең, толқынысы күшті құбылыс.

**Шынар МҰХАМЕДМОЛДИНА,**
*Механика-математика факультетінің 3-курс студенті*

**Бақыт деген не? Бақыттың мәні неде жатыр? Осы сұрақтарды өзіме өмірде жиі қоямын. Негізі бақытты әркім әрқалай түсінеді.**

# Біздің әр сәтімізде – бақыт бар

Мысалы, кейбіреулер үшін бақыт – ол отбасы. Егер сіз үшін бала мен отбасы бақыт болып табылатын болса, онда сіз отбасын құрып, бала-шағалы болу жолында бәрін жасайтын боласыз. Ал егер сіз үшін бақыт деген өз-өзіңізді табу болса, онда сіз бар мақсат-мүддеңізді жұмылдыра отырып, өмірдің сізге айырған дәм-тұзын табуға бар күшті сарқып өтесіз. Енді біреулер үшін бақыттың мәні - мансап, ақша, байлық. Бірақ, олар осы асудың биігіне шыққан соң өздерін жалғыз, бақытсыз сезінеді. Себебі, олар нағыз бақыттың не екенін дұрыс түсінбегендер.

Менінше, біздің әр сәтіміз бақытқа толы. Тек соны бағалап, қадіріне жете білу керек. Менің дүниеге келуім ата-анама бақыт сыйлады. Алғаш тілімнің шыққаны, тәй-тәйлап жүргенім, бала-бақшаға барғаным, мектеп табалдырығын алғаш аттаған сәтім, ондағы қызықтар, соңғы қоңырау, ең беделді университеттердің біріне грантқа түскенім, бәрі-бәрі бақытқа толы сәттер ғой, шіркін! Менің бақытты болғаным - ата-анама да, бауырларыма да бақыт сыйлайды. Болашақта бақытты сәттерім көп болатынына сенімдімін. Кішкене қуаныштың өзі адамды мол бақытқа бөлейді.

«Қашан бақыт құсы басыма қонар екен?», – деп ештеңенің қадіріне жетпесеңіз, бақыт құсының басыңыздан қалай ұшып кеткенін байқамай қаласыз. Әр күні атқан таңды, күннің батуын, аспандағы жұлдыздардың жарқырағанын көрудің өзі шексіз бақыт.



Өмірге шағымдана бермей, әр сәттің қадірін білейік. Мен әке-шешемнің, бауырларымның, достарымның жанында бақыттымын, өз өміріме ризамын, қолдағы барыма шүкірлік етемін. Мені қоршаған әлемге бақытты көздеріммен қараймын. Әр секундым, әр минутым мен үшін бағалы. Алға қойған мақсаттарым да біртіндеп орындалуда. Ол да бір бақыт.

Қандай қиындық болса да, мойымай, қарсы тұрыңыз. Тек жақсылыққа үміттеніңіз, бұрыс ойлардан арылыңыз. Соңында бәрі сіз қалағандай болады және өзіңізді ең бақытты адам сезінесіз!

**Мәруа НҰРЛАНБЕК,**
*Механика-математика факультетінің 3-курс студенті*

**На территории КазНУ прошла «Ярмарка экологически чистой продукции агробиостанции»**

# ҚазҰУ сенбілікте...

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалпы қалалық тазалық сенбілігі өтті. Сенбілікке ҚазҰУ студенттері мен оқытушылары, қоғамдық ұйым белсенділері және қала тұрғындары қатысты.**

Қалашықтың барлық аумағындағы қоқыс-қалдықтар шығарылып, арық-атыздар тазаланып, ағаш түптері мен жол жиегі әктелді.

Көгалдандыруды дамытуға ықпал ететін осындай шаралардың арқасында қала аумағы тазарып, жасыл желекпен көмкеріледі.

– Сенбілік — бұл ұжымдық рухты, бірегейлікті, психологиялық климатты көтеретін керемет әдіс, – деп есептейді университет қызметкерлері. – Сенбілік қызметкерлер арасында жұмыстан тыс әңгімелесу мен бір-бірін жақын тануға мүмкіндік береді. Бұрыннан белгілі, ортақ мүдде үшін бірлесіп жасаған еңбектей еш нәрсе адамдарды біріктіре алмайды.

**Өз тілшімізден**



## Тазалық-барлық істің шырайы









ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактордың міндетін атқарушы: *Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ*
Тілшілер: *Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА*
Фототілші: *Марат ЖҮНІСБЕКОВ*
Корректор: *Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА*

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
*kazuniver2016gazeta@gmail.com*

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

*Бағасы келісім бойынша.*
*Таралымы 1000 дана*
*Тапсырыс: №1387*

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.